

«БЕКІТЕМІН»
№56 ЖОББМ КММ директоры
_____ Г.Наримбетова
«__» _____ 2025 жыл

«КЕЛІСЕМІН»
Директордың оқу-тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары
_____ Е.Нугуманов
«__» _____ 2025 жыл

Жас мұғалімдермен жұмыс жоспары

2025-2026 оқу жылы

Мақсаты: Жас мұғалімдердің кәсіби шеберлігін шыңдау, заманауи педагогикалық технологияларды, жасанды интеллект пен цифрлық ресурстарды тиімді пайдалану арқылы табысты тұлға тәрбиелеуге бағытталған құзыреттілігін дамыту.

«Жас мұғалім мектебі» жас маманға мынадай қолдаулар көрсете алады:

1. Кәсіби бағыт-бағдар беру:
 - Мектептің ішкі тәртібі, оқу-тәрбие процесінің құрылымы, нормативтік құжаттармен таныстыру.
 - Оқу жоспары мен күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауды үйрету.
2. Тәлімгерлік қолдау:
 - Тәжірибелі ұстазды бекітіп, сабақ жоспарлауда, өткізу мен талдауда бағыт беру.
 - Сабаққа бірге қатысу, кері байланыс беру.
3. Әдістемелік көмек:
 - Сабақтың тиімді әдіс-тәсілдері, БЖБ/ТЖБ дайындау, критериалды бағалау жүйесін меңгерту.
 - Ашық сабақтарға қатысу, өз сабақтарын қорғау мүмкіндігін беру.
4. Психологиялық-педагогикалық қолдау:
 - Жас мұғалімнің өзін-өзі танытуына, сенімділігін арттыруға бағытталған тренингтер.
 - Оқушылармен және ата-аналармен қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру.
5. Жетістікке жетуге ынталандыру:
 - Мектепшілік байқауларға, семинарларға, апталықтарға қатыстыру.
 - Портфолио жинақтауға бағыт беру.
6. Құқықтық және әлеуметтік көмек:
 - Еңбек шарты, жалақы, еңбек демалысы сияқты заңдық сұрақтар бойынша түсіндіру.

Бұл қолдаулар жас маманның кәсіби бейімделуін жеңілдетіп, табысты ұстаз ретінде қалыптасуына жағдай жасайды.

№	Мерзімі	Іс шара атауы	Мазмұны	Жауаптылар
1	Қыркүйек	Ұйымдастырушылық іс – шаралар Ашылу отырысы «Қош келдің, жас маман!»	Мектептің жұмыс жоспарын таныстыру, танысу, тәлімгерлерді бекіту жаңа келген жас мұғалімдерді ұжымға таныстыру, қолдау	Мектеп директоры Директордың орынбасары ӘБ жетекшісі Тәлімгерлер
2	Ай сайын	"Айдың ұстазы" жобасын бастау	Әр айда үздік белсенді жас мұғалім марапатталып, жетістігі ортақ чатқа немесе	Мектеп директоры Директордың

			қабырғаға жарияланады. – Бұл мотивация береді, бәсекелестік тудырады.	орынбасары ӘБ жетекшісі
3	Ай сайын	Менторлық керуен	Тәжірибелі мұғалімдер аптасына 1 рет "ашық кеңес" беретін кеңсе жұмысын жүргізеді. Жас мұғалімдер кез келген уақытта барып, кәсіби сұрақтарын қоя алады.Тәлімгермен жеке жұмыс	Тәлімгерлер
4	Қараша	"Менің сабағым" видеоталдау	Жас мұғалімдер сабағын видеоға түсіріп, өздері немесе тәлімгермен бірге талдайды. Қателер мен жетістіктер нақты көрсетіледі.	Тәлімгерлер
5	желтоқсан	"Сынып сахнасы" жобасы 	Жас мұғалімдер сыныппен шығармашылық (сахналық қойылым, дебат, жоба) жұмыс жасайды. – Бұл олардың оқушымен байланысын арттырады.	Жас мамандар
6	Қаңтар	"1 идея – 1 жетістік" апталығы	Әр жас маман бір тиімді әдіс ұсынады	ӘБ мүшелері
7	Ақпан	Ашық сабақтар апталығы	Сабақ беру әдістемесін жетілдіру	Тәлімгерлер
8	Наурыз	"Цифрлық дағдылар" апталығы	Цифрлық құралдарды (Kahoot, Canva, Padlet, AI құралдар) меңгеруге арналған практикалық апталық. Цифрлық ресурстармен сабақ өткізу	Мектеп директоры Директордың орынбасары ӘБ жетекшісі Тәлімгерлер
9	Сәуір	«Болашақ мұғалімі – цифрлы дәуірдің көшбасшысы»	Жас мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру, цифрлық сауаттылығын дамыту, шығармашылық қабілеттерін шыңдау және білім беру саласындағы жаңашыл ой- пікірлерін қолдау	Мектеп директоры Директордың орынбасары ӘБ жетекшісі Тәлімгерлер
10	Мамыр	Дөңгелек үстел: «Бір жыл – бір белес»	Кәсіби даму жолын қорытындылау, ұсыныс айту	Мектеп директоры Директордың орынбасары ӘБ жетекшісі Тәлімгерлер Жас мамандар

Сайыс атауы: «Болашақ мұғалімі – цифрлы дәуірдің көшбасшысы»

Сайыс кезеңдері:

1. Таныстыру (Мен — жас ұстазбын)

– Қатысушы өзін, мамандығын, педагогикалық ұстанымын қысқаша таныстырады (презентация, бейнежазба, т.б.).

2. Педагогикалық ситуация (Шешім сенен)

– Оқу процесінде кездесетін күрделі жағдай ұсынылады, қатысушы оны қалай шешетінін түсіндіреді.

3. Цифрлық шеберлік (Сандық білім – сапалы нәтиже)

– Мұғалім Google Workspace, Kahoot, Canva, ChatGPT, т.б. құралдарды пайдаланып сабақ үлгісін көрсетеді.

4. Шығармашылық кезең (Өнерлі ұстаз)

– Қатысушы өз таланты мен креативін (ән, өлең, қолөнер, театрландырылған көрініс) ұсынады.

5. Блиц-сұрақтар (Зияткер ұстаз)

– Қатысушыға кәсіби-педагогикалық, құқықтық және этикалық сұрақтар қойылады.

Қатысушы заманауи сандық ресурстар (мыс: Padlet, Kahoot, Canva, Google Jamboard, ChatGPT, т.б.) арқылы қысқаша сабақ элементін немесе тапсырма үлгісін көрсетеді.

Мақсаты: Цифрлық педагогика дағдысын бағалау.

4. «Өнерлі ұстаз» (Шығармашылық кезең)

Қатысушы өнері арқылы өзіндік ерекшелігін танытады (ән, би, көркемсөз, қолданбалы өнер, театрландырылған көрініс).

Мақсаты: Шығармашылық әлеуетін ашу.

5. «Зияткер ұстаз» (Блиц-сұрақтар)

Қатысушыға педагогика, психология, құқық, цифрлық мәдениет, этика тақырыптарында қысқа сұрақтар қойылады.

Мақсаты: Кәсіби және зияткерлік дайындығын анықтау.

Бағалау критерийлері:

- Педагогикалық ой-пікірдің тереңдігі мен дәлдігі
- Цифрлық құралдарды тиімді қолдануы
- Шығармашылық және креативтік қабілет
- Коммуникативтік шеберлік
- Жеке даралық көзқарасы

«Болашақ мұғалімі – цифрлы дәуірдің көшбасшысы»

Жас мұғалімдер сайысының мазмұны

Мақсаты:

Жас мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру, цифрлық сауаттылығын дамыту, шығармашылық қабілеттерін шыңдау және білім беру саласындағы жаңашыл ой-пікірлерін қолдау.

Міндеттері:

- Жас мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін анықтау;
- Цифрлық құралдарды қолданудағы дағдыларын көрсетуге мүмкіндік беру;
- Шығармашылық және жаңашыл ойлауды ынталандыру;
- Кәсіби-адамгершілік құндылықтарды насихаттау.

Қатысушылар:

Жалпы білім беретін мектептердің 1–3 жыл аралығында жұмыс өтілі бар жас мұғалімдері.

Сайыс кезеңдері мен мазмұны:

1. «Мен – жас ұстазбын» (Таныстыру)

Қатысушы өзін, педагогикалық ұстанымын, жетістіктерін, ұлағатты маман ретінде көзқарасын таныстырады.

Формат: Презентация / видео / сөз сөйлеу (3 минутқа дейін)

2. «Шешім сенен» (Педагогикалық ситуация)

Мұғалімге оқу-тәрбие процесінде кездесетін күрделі жағдай ұсынылады. Қатысушы кәсіби тұрғыдан өз шешімін ұсынады.

Мақсаты: Критикалық және сыни ойлау қабілетін бағалау.

3. «Сандық білім – сапалы нәтиже» (Цифрлық шеберлік)